


**«Қаралды»**  
Әдістемелік бірлестік  
Даулетбай Е.  
  
«31» маін 2023 ж.

**«Келісілді»**  
Оку ісі менгерушісі:  
А. Рашатхан  
  
«31» маін 2023 ж.

**«Бекітілді»**  
Мектеп директоры  
А. Анесий  
  
«31» маін 2023 ж.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
жанындағы «Айналайын» шағын орталығының  
тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективасы  
2023-2024 жылы**

Топ: «Балапан» тобы  
Тәрбиешілер: Бексолтан А.  
Молдан К.

## Перспективалық жоспары

**Білім беру үйимы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жаңындағы Айналайын шағын орталығы»

«Балапан» кіші топ

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек 2023 жыл

Үйымдастырылған іс әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Бұрылу (онға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып)</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтан секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанана (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b></p> <p>Киімдерін ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киуге және шешүге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.</p> <p>Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.</p> <p>Үстел басында қаралайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>балаларды серуен кезінде ультракүлгін сөulenің әсерінен ауя, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;</p>

	<p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қымылдарды орындаиды, қымыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қымылдарды өздігінен орындаі алады.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b></p> <p>велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеуді дамыту.</p> <p>айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратып, білуді</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте қүрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпактар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырылыш білдіруді;</p> <p>кейіпкерлермен тақпактардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды;</p> <p>ересектердің тақпактарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелегеүіне тұрақты қызығушылық танытууды қалыптастыру</p>

<b>Сенсорика</b>	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
<b>Құрастыру</b>	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
<b>Қоршаган ортамен таныстыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дene бөліктегі (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанак, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау
<b>Сурет салу</b>	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; түзу, көлденен, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сзықтарды жүргізуі, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парапеттің бейнені орналастыру;
<b>Мүсіндеу</b>	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктегі жетілдіру;
<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сзықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тындау:</b></p> <p>1) музыка тындауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тындау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b></p> <p>1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктеіт отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән</p>

айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды  
калыптастыру;

**Музыкалық-ыргақтық қозғалыстар.**

музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;

қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;

**Білім беру үйімі:** «Ақмола облысыңдағы Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жаңындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан» кіші топ**

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы 2023жыл

Үйымдастырылған іс-әрекеттер	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>Бұрылу (онға-солға), қолды қеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұту (жазу)</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>педагогтің артынан жүру, жүптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа белініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және көрісінше ауысу;</p> <p>Бір орында тұрып екі аяқтан секіру, 10-13 см білктен секіру.</p> <p>Кедергілі, жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдаң ұстімен еңбектеу, ұстел, арқаныңастымен нысанана дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.</p> <p>Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденен) нысанана (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату.</p> <p>Жиектері шектелген тұра жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың ұстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, колын жоғары көтеру, тұсу;</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b></p> <p>Киімнің ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киуге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа үйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының</p>

киіміндең ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету.

Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.

Үстел басында қарапайым мінезд-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үтігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру.

Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпактарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау.

#### **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**

балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ая, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;

#### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындаі алады.

#### **Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу. Ұш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;

<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және ұндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана</p> <p>отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор.</p> <p>Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуда, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте құрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпактар менсанамақтарды жатқа айта білуге үйрету.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқигаларға жанашырлық білдіруді;</p> <p>кейіпкерлермен тақпактардың мазмұнын, ырғакты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды;</p> <p>таныс тақпактарды қайталауды;</p> <p>ойыншықтарды қолданып, мазмұны құрделі емес ойындарға қатысады үйрету.</p>
<b>Сенсорика</b>	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау менүлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлымұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>

<b>Құрастыру</b>	Құрылым материалдарынан және ірі конструкторор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылым материалдарын қолдануды үйрету; қарапайымтүрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.
<b>Коршаған ортамен тәнистыру</b>	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен тәнистыру, дene бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, кияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту
<b>Сурет салу</b>	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Тұзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сзызықтарды жүргізуі, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалышқты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан дакурделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту
<b>Жапсыру</b>	Фланелеграфта бейнелеуді (сзызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды менгерту.

<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Эннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғакты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Ән айту:</b></p> <p>1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке бұындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиги дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</b></p> <p>Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғакты, түрлі бейнелік - ойынқимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету;</p> <p>карапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру;</p> <p>музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;</p>
----------------------	---

**Білім беру үйімі:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жаңындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан» кіші топ**

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қараша айы 2023жыл

Үйымдастырылған іс әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Колды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Колды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Жаңында тұрган (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, тұсу; Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдаң өзіндең түсініктерін көрсету. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанага (төмен, жоғары) лақтыру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлыш, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p>

	<p>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпесу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Құн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындаудаға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.</p> <p>Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жұру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: ұш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлдібасқаруға үйрету.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b></p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауда, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдардың өз бетінше орындаудаға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b></p> <p>Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрның кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
<b>Сенсорика</b>	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыш материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыштарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру
<b>Сурет салу</b>	Бейнелерді парап бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сзықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен, қатты қысрай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сзықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуі үйрету.
<b>Мүсіндеу</b>	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.

	Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалышықты өздігінен илеу) үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды колданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тындау:</b> Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажыратада білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айтада, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылышының дыбысталуына еліктең отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүргүжінде жүргізу дағдыларын қалыптастыру.</p>

**Білім беру үйімі:** «Ақмола облысындағы басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ жаңындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан» кіші топ**

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Желтоқсан айы 2023жыл

Үйымдастырылған іс әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяктарды кезекпен бұгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> шагын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. құрсаудан құрсауга аттап өту; әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттегандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. отырып және тұрып, тұрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-13 сантиметр) секіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктең қою. Устел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сойлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауда болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауга қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p>

	<p><b>Қымылды ойындар.</b> Балаларды ересектермен бірге қымылдары женіл, мазмұны қарапайым қымылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызыгушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қымылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қымылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандал жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p> <p><b>Дербес қымыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қымылдардың бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау</p> <p><b>Сөздік корды қалыптастыру.</b> Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталатып ойнату.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.

<b>Сенсорика</b>	Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, тұсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру.
<b>Құрастыру</b>	Тұрғызылған қарапайым құрылыштарды атау, қорапқа құрылыш бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.
<b>Көршаган ортамен таныстыру</b>	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындарап жатқанына балалардың назарын аудару. Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан жәнефотосуреттерден тануын ұйымдастыру.
<b>Сурет салу</b>	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды.
<b>Мүсіндеу</b>	Куыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
<b>Жапсыру</b>	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелографта геометриялық фигуralарды орналастыруын дамыту.
<b>Музыка</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратада.
	<b>Ән айту:</b> Әнді жеке және топпен айтуда, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.
	<b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалактау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеу.

**Білім беру үйімі:** «Ақмола облысыңдағы Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ жаңындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан» кіші топ**

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қантар айы 2024жыл

Үйимдастырылған іс әрекет	Үйимдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу. Шалқасынан жатқан қалыптаақтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қымылдату (отырып).</p> <p><b>Негізгі қымылдар:</b> белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүргүзілген тақтайдың үстімен 20 сантиметрапақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүргүзілген аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр деін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқаның астынан нысанага деін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) енбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-13 сантиметр биіктікten секіру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар.</b> Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамак ішкенде сейлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Балаларды топта женіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауда болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қымылды</p>

	<p>оыйндарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.</p> <p><b>Кимылды ойндар.</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойнандар ойнауга ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (кояң сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдан жүру).</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдардыөз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Балаларға бесік жырын құнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтагы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шагымен байланыстыру</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуда үйрету.</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.
<b>Сенсорика</b>	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен ұлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
<b>Құрастыру</b>	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауга баулу. Ересектердің еңбекін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындал жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атаяу, сипаттамалық әрекешеліктерін ажыратада білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
